

**Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша
білім бөлімінің «Балауса» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК**

**Бөбекжай білім беру қызметін өзін – өзі бағалауды ұйымдастыру және
өткізу туралы педагогикалық кеңестің**

№2 Хаттамасы

05.01.2025

Қатысқаны – 22 педагог

Күн тәртібінде:

Бөбекжайдың өзін – өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі
комиссия құрамын және жоспарын бекіту: А.Н.Севепова

Тыңдалды:

Маңғыстау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті
ММ – нің білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізудің
05.01.2025 жылғы №01 нқ бұйрығына және Қазақстан Республикасы Оқу –
ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын
бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығы негізінде
бөбекжайдың 2022 – 2023ож, 2023 – 2024ож, 2024 – 2025 оқу жылдарының
білім беру қызметіне өзін – өзі бағалау өткізілетіндігі айтылып өтті. Осыған
байланысты бөбекжайда өзін – өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу үшін
комиссия құрамы жасақталсын:

1. Севепова Айнур Нуратдиновна – бөбекжай директоры, төрайымы;
2. Бердикулова Гүлшат Қосаевна – әдіскер, комиссия төрайымының орынбасары;
3. Демеева Ақжайық Ибрагимовна – тәрбиеші, комиссия мүшесі;
4. Есқалиева Мөлдір Наушабаевна – дене шынықтыру нұсқаушысы, комиссия мүшесі;
5. Смагулова Гакку Джамбуловна – қазақ тілі маманы, комиссия мүшесі;

Жоғарыда аталған комиссия құрамы таныстырылды. Комиссияның жұмыс жоспары қадамдары нақтыланды. Басшылыққа алуға Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығының бағалау өлшемшарттары негізінде өзін – өзі бағалау жұмыстарын жүргізу тапсырылды.

Шешім:

1. Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығы негізінде бөбекжайдың білім беру қызметін өзін – өзі бағалау 2025 жылдың 5 қаңтары мен 29 қаңтар аралығында жүргізілсін. Комиссия құрамы мен жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Өзін – өзі бағалау жұмыстары жүргізілгеннен кейін қорытындысы бөбекжайдың ресми сайтына орналастырылсын.

Педкеңес төрайымы:

Педкеңес хатшысы:



М.Даулетова

В.Тобышова